

## Магистранттардың зерттеу практика бойынша есеп

7M05107-Биология (25 магистрант), 7M01513-Биология (25 магистрант) оқу бағдарламалар бойынша оқу жоспарына сәйкес 2023 жылдың 16 қаңтар мен 8 сәуір аралығында зерттеу тәжірибесі өтті. Зерттеу тәжірибе кафедраның профессор Ильдербаев О.З., профессор Абиев С.А., профессор Укбаева Т.Д., профессор Огай В.Б., доцент Какимжанова А.А., және т.б. жетекшілігімен жүргізілді. Оқу бағдарламалар бойынша магистранттар практиканы толықтай өтті. Зерттеу практиканы магистранттар Ұлттық биотехнология орталығы (9 магистрант) мен Еуразия ұлттық университетінің (41 магистрант) лабораторияларында өтті. Практикада магистранттар кәсіби мамандыққа байланысты әдістер мен әдістемелерді, лабораторияларда жұмыстардың жүргізілуі мен ұйымдастырылуын үйренуді жалғыстырды және магистрлік диссертация бойынша нәтижелерді жасады.

Болашақ өндіріс мамандарын сапалы даярлауда, олардың жағымды белгі-қасиеттерін қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс жасауда практиканың маңызы зор, сондықтан практика кезеңінде болашақ маманның өздігінен білім алуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, кәсіби даму үрдісін жеделдетіліп, заман талаптарына сай мамандық дәрежесі, аталмыш қызметке кәсіптік даярлығының, жарамдылығының деңгейін тексеру іске асырылды.

16.01.2023 жылы ұйымдастыру конференциясы өткізілді. Практика кезінде әрбір магистрант ғылыми жетекшілерінің басшылығымен магистрлік диссертация бойынша жұмыстарды өткізіп, практиканың жұмыс жоспарына және методикалық нұсқауларға сай толықтай атқаруы қажет екендігі ескертілді. Өзіне жеке жауапкершілікті алып, практиканы толықтай атқаруы қажет екендігі ескертілді. Топтағы әрбір магистрант өзінің өмірі үшін өндірістегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды. Магистранттар практика барысында күнделікті жасаған жұмыстары бойынша, күнделіктерін толтыруға тиіс екендігі ескертілді. Практика соңында жасалған жұмыстары бойынша әрбір магистрант қорытынды конференцияда қорытынды есеп беріп, күнделіктерін тапсыру қажеттілігі ескертілді.

15.04.2023 зерттеу практикасы есептерін қорғау комиссияның отырысы болды. Комиссия есептері мен күнделіктері мақұлданып қабылдады және тиісті бағалармен бағалады.